

А. Т. ТУРАЕВА

БЕЛГІЛІЛІК/БЕЛГІСІЗДІК КАТЕГОРИЯСЫ ЖӘНЕ РЕФЕРЕНЦИЯ ТЕОРИЯСЫ

Белгілілік/белгісіздік категориясы тілдік категория ретінде өте күрделі құбылыс болып табылады. Функционалды-семантикалық категория ретінде ол басқа категориялармен тығыз байланыста қарастырылып, сана жұмысына қатысы тұрғысынан сөз болуы керек. Тілдік категория ретінде ол тілдік семантика, ұйымдасу тәсілдері, берілу жолдары тұрғысынан сипатталуы керек. Белгілілік/белгісіздік категориясын тануда ға-

лымдар арасында бірқатар пікірталастар да кездеседі. Ю. А. Рылов оны грамматикалық категорияға жатқызса [1], К. Г. Крушельницкая оны коммуникативті-синтаксистік категорияға [2], М. И. Алехина контекстуалды категорияға жатқызса [3], И. И. Ревзин оны «жасырын синтаксистік категория» деп атайды [4].

Зерттеушілер белгілілік/белгісіздік категориясы екпін, сөздердің орын тәртібі арқылы, көмек-

ші сөздердің көмегі арқылы берілетінін айтады [5]. Белгілілік/белгісіздік категориясының лексикалық берілу жолдары грамматикалық берілу жолдарымен тығыз байланысты. Оларда белгілілік/белгісіздік нысаны (зат, нәрсенің белгісі) ұқсас болумен қатар белгілілік/белгісіздік категориясының мәндері де ортақ болып келеді. Бұл тыңдаушыға белгілі/белгісіз болуы, сөйлеушіге белгілі/белгісіз болуы немесе екеуіне де белгілі/белгісіз болуы т.б.

Белгілілік/белгісіздік категориясының мәнін айқындау жағдаят сипатымен тығыз байланысты. Мұнда сөйлеуші позициясына ерекше мән беріледі, себебі оның нысанға қатысы, тыңдаушыға әсері т.б. байланысты сөйленістің белгілілік деңгейі анықталады. Белгілілік/белгісіздік мәндерінің жиынтығы тілдік бірліктердің көптүрлілігімен ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясының құрылымы өте күрделі. Ол морфологиялық, синтаксистік, лексикалық құралдар арқылы беріледі. Тіл фактілерін функционалды тұрғыдан қарастырғанда ғана тілдің түрлі деңгейлеріндегі құралдарды бір категория (белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы) шеңберінде сөз етуге болады. Белгілілік/белгісіздік категориясының берілу жолдарын тілдің түрлі деңгейлері бойынша сөз ету тілдік бірліктер қызмет ететін нақты жағдаятты зерттеудің өтпелі кезеңі болды. Бұл тіл фактілерін функционалды тұрғыдан зерттеудегі негізгі мақсат болып табылады.

Белгілілік/белгісіздік категориясы тілдік категория ретінде сан қырлы, көпаспектілі категорияға жатады. Функционалды-семантикалық категория ретінде ол басқа категориялар сияқты сана қызметіне араласу мүмкіндігіне қарай қарастырылуы керек. Тілдік категория ретінде ол тілдік семантика, ұымдасу принциптері, тұрпаттық көріну тәсілдері, тілдегі қолданысы тұрғысынан сөз болуы тиіс. Белгілілік/белгісіздік атауы дәстүрлі түсінік бойынша, сөйлеушіге заттың таныс/бейтаныс болуына байланысты болады. Тілді функционалды тұрғыдан зерттегенде, тілдегі грамматикалық бірліктердің қолданылу ерекшелігіне ерекше мән беріледі. Мұнда ұғымдардың өзара қатынасына, олардың тілдегі қолданысына басты назар аударылады. Ең алдымен, әрбір сөйлеушінің санасында қалыптасқан маңызды коммуникативті ұғымдар негізге алынады. Олар ұғымдық категорияларға жатады әрі тіл құрылымында көрініс табады. Ұғымдық катего-

риялардың қатарына зерттеп отырған белгілілік/белгісіздік категориясы да жатады. Түрлі тілдерде түрліше жолдармен берілетін белгілілік/белгісіздік категориясы тілдік универсалийге жатады. Себебі олардың тілдегі көрінісі тілдің тектік (генетикалық) жағына байланысты емес, ол типологиялық жағынан айқындалады, яғни бірнеше тілге ортақ әмбебап заңдылықтар арқылы анықталады.

Белгілілік/белгісіздік категориясының лексикалық жолмен берілуі грамматикалық құралдармен тығыз байланысты. Мұнда бұл құралдар белгілілік/белгісіздік категориясының нысандарымен де (зат, заттың белгісі), белгілілік/белгісіздік категориясының мәндерінің варианттарымен де тығыз байланысты болады. Атап айтқанда, тыңдаушы үшін зат не құбылыстың таныс не бейтаныс болуы, зат не құбылыстың сөйлеушіге немесе екеуіне де таныс не бейтаныс болуы арқылы сипатталады. Тілді жүйе ретінде қарастыру, тілдік семантикаға деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ салааралық ғылымдардың өзара қатынасы белгілілік/белгісіздік мәндерінің нәзік иірімдерінің ашыла түсуіне мүмкіндік береді. Тіл білімінде соңғы жылдары белгілілік/белгісіздік категориясының лексикалық немесе грамматикалық мәндерін анықтау сема компоненттерімен қатар белгілер жиынтығы ретінде қарастырылып келеді.

Белгілілік/белгісіздік категориясын референтті категория ретінде қарастыру есімдердің мәніне ғана емес, тілдік емес нысандарға, сөйленіс пресуппозициясына, тілдік және тілдік емес контекстерге, сөйлеуші мен тыңдаушының орнына, олардың аялық білімдеріне назар аударуды қажет етеді. Белгілілік/белгісіздік категориясының логика-семантикалық және прагматикалық сипатын тексеру белгілілік/белгісіздік сияқты инвариантты мәнді анықтауға да мүмкіндік береді. Заттың анықтылығы (белгілілігі) сөйлесушілерде ол туралы мәлімет болғанын білдіреді. Белгілілік мәні анафора, дейксис немесе сөйлесушілердің аялық білімінің нәтижесінде туындауы да мүмкін. Белгілілік/белгісіздік категориясы өз ішінен оппозиция құрайды, соған байланысты оларды бір-біріне қарастыру дұрыс нәтиже бере алмайды. Белгілілік/белгісіздік оппозициясы зат есімнің барлық лексика-грамматикалық топтарымен беріле бермейді. Жалпы есімдер заттық мәнде жұмсалып, нақты зат атауларымен референтті қатынаста болған жағдайда ғана белгілілік/белгісіздік оппозициясын бере алады.

Мен, сен, біз, сіз есімдіктері бастауыш қызметінде жұмсалған сөйлемдер әрдайым нақтылық мәнде жұмсалады, себебі аталған есімдіктер сөйлеу актіне қатысушыларды білдіріп, ең анық, нақты, белгілі болып табылады. Ал жалқы есімдер негізінен нақтылық мәнде жұмсалады.

Қазақ тілінде белгілілік/белгісіздік категориясының негізгі берілу жолы – сөздердің орын тәртібі мен интонация болып табылады. Бірінші рет қолданылған белгісіз зат есімнің коммуникативті жүгі мол болып, ол сөйленістің ремасына жатады. Тема мен рема барлық автосемантикалық сөздерге түгелдей қатысты болса, белгілілік/белгісіздік зат есімге ғана қатысты болады. Ремалық жалпы есім интродуктивті сөйленісте алғаш сөз болған семантикалық компонент ретінде сипат алады. Сөздердің орын тәртібі мен интонация арқылы кез келген септік жалғаулы зат есімді белгісіздік мәнде қолдануға болады. Рема құрамында белгісіз зат есімнің қолданылуы жүйелі сипат алады.

Тілдік құбылыстың атауы болатын нысан осы тілдік құбылыстың денотаты болып табылады. Нақты сөйленісте тілдік құбылыс бірнеше денотатпен сәйкес келуі немесе бір денотатпен сәйкес келуі мүмкін. Нақты сөйленісте тілдік құбылыс сәйкес келетін бір немесе бірнеше нысан осы тілдік құбылыстың референті болып табылады. Екі немесе бірнеше референт сәйкес келсе, яғни бірінің орнына бірі қолданылса, оларды «коререферентті есімдер» деп аталады. Мәселен: *Ойлап тұрса, он бес жыл мекен жай болған Талдыөзектің бойынан зәредей өзгеріс таппаған екен. Сол есіліп-есіліп қалған бұйра құм, сол ербиген сексеуіл, албастыдай алба-жұлба түзген, жер тағандап өсер жыңғыл; сол аспан – бірде бұлтты, бірде ашық, бірде қар, бірде жаңбыр; сол күн – өз орнына шығарды, өз орнына асықпай, аяңдап барып батады; сол бір мал – маңыраған қой – ол да өмір бақи кісіней алмайды; сол көрші Сейітқұл – күні кеше жап-жас елгезек жігіт еді, бүгінде құм санайтын қу болды* (О.Бөкей. Құм мінезі. Таңдамалы. Алматы, 1994. 19-бет).

Тілден тыс болмыстың кез келген фрагменті денотативті кеңістік бола алады. Кез келген тілдік құбылыс үшін осы тілдік құбылыстың референті қатысқан денотативті кеңістік релевантты болып саналады.

Белгілілік категориясы зерттеулерде негізінен екі тұрғыдан – логикалық және прагматикалық тұрғыдан сөз болады. Прагматикалық тұрғыдан

қарастырғанда, белгілілік сөйлеу актіне қатысушыларға референттің белгілі болуымен (көбінесе референттің адресатқа белгілі болуымен) байланысты. Белгілілік мәні анафора, дейксис немесе сөйлесушілердің аялық білімінің нәтижесінде туындауы да мүмкін. Осыған байланысты белгіліліктің өзі әртүрлі деңгейде болуы мүмкін. Мәселен, алдыңғы контексте осы зат туралы сөз болуы мүмкін (анафоралық белгілілік), саусақпен көрсетуге болатындай, зат сөйлесушілердің алдында тұруы мүмкін (дейктикалық белгілілік) немесе сөйлеуші мен тыңдаушының жалпы аялық біліміне сәйкес келетін апперцепциялық белгілілік болуы мүмкін. Анафоралық белгілілікке О.Бөкейдің «Құм мінезі» атты повесінен мынадай мысал келтіруге болады:

Ала дөңденіп мінгесіп ұшқаса келеңсіз далаға қарай жарыса созылған құм төбелер, сол құм төбелер, сол құм төбенің қырқасына ойдым-ойдым қойнауына жармаса өскен сексеуілдер жағаласа жарысып, көзге суық тартады, көңілді жүдеткендей болады (О.Бөкей. Құм мінезі. Таңдамалы. Алматы, 1994. 18-б.).

Жазушы бұрын сөз болған құм төбелерді сипаттауда сол есімдігін қайталап қолданған. Кейде адресатқа референт белгісіз болғанымен, есім тобы белгілілік мәнде жұмсалуды мүмкін. Мәселен, *менің әке-шешем* деген тіркес әрқашан да белгілілік мәнде жұмсалғанмен, олар туралы адресант таныс болмауы да мүмкін.

Белгілілік логикалық тұрғыдан қарастырылғанда, ол негізінен заттың не адамның жекешелік тұлғасымен байланыстырылады. Адамның әкешесі жалғыз болғандықтан, *менің бір әкем* немесе *менің бір анам* деп қолданылмайды.

Сонымен, белгілілік/белгісіздік категориясы басқа да референтті категориялармен тығыз байланысты. Ол референтті мәндердің ішінде басты орын алады. Барлық референциалды қарама-қарсылықтарды түгелдей ескергенде ғана референцияның есімдік көрсеткіштерінің мағынасын нақты сипаттап, референциалды категориялардың тілдің функционалды грамматикасындағы орнын айқындауға қол жеткізуге болады.

Барлық функционалды-семантикалық өрістер сияқты, белгілілік/белгісіздік категориясы түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді қамтиды. Белгілілік/белгісіздік категориясы көбінесе сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы көрініс табады. Есімдердің белгілілік/белгісіздік қатысын айқындау үшін алдымен, стилистикалық бейта-

рап және экспрессивті сөйленістерді; екіншіден, интонациясын, сөйленіс сегментациясын ескеру қажет.

Белгілілік/белгісіздік семантикалық категориясы есім сөзді сөйлемде қолданғанда ғана көрініс табады. Белгілілік/белгісіздік мәні коммуникацияға қатысушы адресат пен адресантпен, сөзге тірек болатын затпен тікелей байланысты. Белгілілік/белгісіздік бір сөйлем аясында ғана емес, бүкіл мәтін деңгейінде көрінеді. Сол себепті белгілілік/белгісіздік категориясы – сөйлемдік емес, мәтіндік категория. Референция теориясы Б. Расселдің «сөйлемнің синтаксистік құрылымы пайымдаудың логикалық құрылымымен әрдайым тең түсе бермейді» деген денотациясын басшылыққа алады [6, 42].

Денотат, яғни ақиқат шындықпен сәйкес келетін фраза бір, нақты нәрсені атаса, ол белгілілік дескрепциясы болады. Ал денотативті фраза бірнеше затпен сәйкес келсе, ол белгісіздік дескрепциясына жатады. Белгілілік/белгісіздік категориясы сөйлесушілердің зат туралы түсініктерінің қандай екенін білдіреді. Белгісіздік дескрепциясы заттың тыңдаушыға белгісіз екенін, сондықтан оны басқа заттарға ұқсатуға болмайтынынан хабардар етеді. Осыған байланысты Н. Д. Арутюнова былай дейді: «Необходимым условием употребления неопределенных дескрепций, имеющих единичную референцию, является убеждение говорящих, что их сообщение касается только одного предмета и этот предмет обладает свойством» [7, 150].

Белгісіздік дескрепциясының мынадай түрлері байқалады:

а) тектік референция – затты, нәрсені өзіне ұқсас заттармен қатар қойып, жалпы, ортақ мәнін көрсету;

ә) нақты референция – нәрсені нақты затқа, сөйлеушінің көз алдындағы басқа заттармен теңестіру;

б) нақты емес референция – сөйлеуші нақты бір нәрсені ғана сөз етпеген жағдайда қолданылады.

Сөйленістің прагматикалық жағын ескергенде, яғни тіл категориясынан сөйлеу категориясына ауысқанда, көптеген тілдік ұғымдар екіге

жіктеледі: бірі сөйлеушіге қатысына қарай, екіншісі адресатқа, тыңдаушыға қатысына қарай, сондай-ақ тілдік категориялар сөйлеушіге не тыңдаушыға көбірек қатысына қарай жіктеледі.

Белгілілік дескрепциясының референтті, атрибутивті референтті және гипотетикалық референтті түрлері болады:

а) референтті қолданыста дескрепция сөйлесушілерге таныс, белгілі заттарға қатысты болады. Дескрепцияны таңдау сөйлеушінің мәліметтеріне сүйенеді.

ә) атрибутивті референтті қолданыста белгілілік дескрепциясы белгілі емес затқа қатысты болады, алайда ол алдыңғы оқиғалар арқылы имплицитті түрде көрініс табады.

б) гипотетикалық референтті қолданыста белгілілік дескрепциясы алдыңғы сөйлемдегі шарттарға байланысты болады.

Сонымен, белгілілік/белгісіздік функционалдык-семантикалық категориясы есімдердің референттігіне, яғни ақиқат шындықпен сәйкес келуіне негізделеді. Сондай-ақ коммуникация процесі сөйлемнің грамматизациялануын, яғни референция актінің сөйлеушінің коммуникативті ниетіне байланысты анықталады.

ӘДЕБИЕТ

1. Рылов Ю.А. Категория определенности-неопределенности и способы ее выражения в русском языке сравнительно с испанским // Вопросы филологии и методики преподавания испанского языка. Воронеж, 1971. С. 38-49.
2. Крушельницкая К.Г. Коммуникативное задание предложения и способы ее выражения // Учебное пособие по сопоставительной грамматике немецкого языка. М., 1978. 125 с.
3. Алехина М.И. Категория определенности-неопределенности в современном русском языке. Дисс... канд. филол. наук. М., 1975. 214 с.
4. Ревзин И. И. Структура языка как моделирующей системы М., 1978. 287 с.
5. Поспелов Н. С. О выражении категории определенности-неопределенности временным значением русского глагола в форме прошедшего совершенного // Памяти акад. В.В.Виноградова. М., 1971. С. 179-184.
6. Рассел Б. Дескрепция // Новое в лингвистике. М., 1951. С. 218-226.
7. Арутюнова Н. Д. Типы языковых значений. Оценка. Событие. Факт. М., 1988.